

## Қазақстанның оңтүстік аймағын 2002 жылғы көктеу кезеңінде суғаратын сумен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 17 шілде N 799

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы 2002 жылы және 2003 жылдың 1 тоқсанында отын-энергетика және су ресурстарын пайдалану туралы келісімді іске асыру әрі Қазақстанның оңтүстік аймағын 2002 жылғы көктеу кезеңінде суғаратын сумен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл облыстарының әкімдіктерімен және тиісті ұйымдармен келісілген қосымшаға сәйкес 2002 жылғы көктеу кезеңінде Қырғыз Республикасынан қабылдайтын электр энергиясының көлемі және есесіне көмір мен мазут беру жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Б ы л а й б е л г і л е н с і н :

1) Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті - оңтүстік аймақтың суармалы жерлерін суғару үшін су беру бойынша үйлестіруші;

2) "Қазақстан электр желілерін басқару жөніндегі компаниясы" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "КЕГОС" ЖАҚ) - Қырғыз Республикасынан жеткізілетін электр энергиясын беру бойынша оператор.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Қырғыз Республикасынан электр энергиясын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын, бұл ретте 2002 жылғы көктеу кезеңінде Қырғыз Республикасынан Қазақстан Республикасына электр энергиясын тарту осы қаулы шеңберінде жүзеге асырылады д е п б е л г і л е н с і н .

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі Энергетика және минералдық ресурстар, Көлік және коммуникациялар, Мемлекеттік кіріс министрліктерімен және "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамымен бірлесіп, 2002 жылғы көктеу кезеңінде Қырғыз Республикасынан алынатын электр энергиясына өтемақы ретінде берілетін көмірді және мазутты темір жол көлігімен экспорттық қатынаста тасымалдауға заңнамада белгіленген тәртіппен бір апта мерзімде қолданыстағы тарифтердің 0,5 коэффициенті мөлшерінде төмен коэффициент белгілесін .

5. Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақстан темір жолы" ұлттық

компаниясы" жабық акционерлік қоғамының Бішкек қаласының жылу электр орталығына дейін көмір мен мазут жеткізу үшін жылжымалы құрамды іркіліксіз беруін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

6. Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті осы қаулы шеңберінде жасалатын келісім-шарттар бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілерге берілетін электр энергиясын, көмір мен мазутты кедендік ресімдеу үшін кеден алымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасына және Еркін сауда аймағын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісімге сәйкес 2002 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданбасын.

7. Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының әкімдері бір апта мерзім ішінде көктеуге арналған суды үнемдеу жөніндегі іс-шараларды әзірлесін және олардың орындалуын қамтамасыз етсе.

Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті көктеу кезеңінде судың ұтымды пайдаланылуына бақылау о р н а т с ы н .

8. "KEGOC" ЖАҚ-қа заңнамада белгіленген тәртіппен Орталық Азия жиілік реттеуші энергия жүйесінен қуаттарды реттеу жөніндегі қызметтерді сатып алу және технологиялық шығындарды өтеу үшін электр энергиясын Қырғыз Республикасына көмір мен мазут беруші бір көзден сатып алу жолымен Қазақстан БЭЖ Оңтүстік бөлігінде электр тогының стандартты жиілігін қолдауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

9. "Кентаукенішжою" республикалық мемлекеттік кәсіпорны, "Тұранэнерго" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, "Қазатомөнеркәсібі" ұлттық атом компаниясы", "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы", "Қазтрансойл" және "Жамбыл электр желілері" жабық акционерлік қоғамдары, "KEGOC", "Химияөркәсібі", "Қызылорда аймақтық электр желісі компаниясы" ашық акционерлік қоғамдары және "Қазфосфат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) апта сайын Энергетика және минералдық

ресурстар министрлігіне қосымшаға сәйкес Қырғыз Республикасынан алынған электр энергиясы көлемі және есесіне көмір мен мазут беру туралы ақпаратты ұсынсын.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С.Есімовке жүктелсін.

11. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

2002 жылғы 17 шілдедегі

№ 799 қаулысына

қосымша

Электр энергиясының, көмір мен мазуттың өзара жеткізілу  
кестесі

Тұтынушы	Орта сағаттық куаты МВт	Электр энергиясы, мың кВтс	Көмірдің қарсы жеткізілімі, тонна
Оңтүстік Қазақстан облысы			
"Тұранэнерго" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	17-51	80000	15000 мазут
"Кентаукеніштарату" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	15,5-19,7	19000	11870 көмір
"Казатомөнеркәсіп" ұлттық мұнай компаниясы" жабық акционерлік қоғамының орталық кен басқармасы	6,2-6,5	7700	4800 көмір
"ҚазТрансОйл" жабық акционерлік қоғамы Шығыс филиалының Шымкент мұнай құбыры басқармасы	2,4-2,5	3000	1870 көмір
Қызылорда облысы			
"Қызылорда аймақтық электр тораптық компаниясын ашық акционерлік қоғамы	16-26	287500	179600 көмір
"Казатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамының № 6 кен басқармасы	3,36-3,56	4300	2680 көмір
Алматы облысы			

"КЕГОК" ашық акционерлік қоғамы шығынның орнын толтыру үшін	20-23	2500	15600 көмір
---	-------	------	-------------

---

Жамбыл облысы

"Қазфосфат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	54000	33700 көмір
"Жамбыл электр тораптары" жабық акционерлік қоғамы	70	86700	54200 көмір
"Химпром" ашық акционерлік қоғамы	60	74000	46200 көмір

---

Басқа тұтынушылар

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы	75	90000	45800 көмір
--	----	-------	-------------

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б